

Ойын бизнесі объектілеріне салық төлеушілер үшін жиынтық салық ставкаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Шет аудандық мәслихатының 2010 жылғы 23 желтоқсандағы N 28/296 шешімі. Қарағанды облысы Шет ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 20 қаңтарда N 8-17-112 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Шет аудандық мәслихатының 2012 жылғы 13 қаңтардағы N 42/398 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Шет аудандық мәслихатының 13.01.2012 N 42/398 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Кодексінің 419, 420, 421, 422 баптарына сәйкес аудандық Мәслихат **ШЕШІМ Е Т Т І :**

- Ойын бизнес объектілеріне тіркелген жиынтық салық ставкалары қосымшаға сәйкес бекітілсін.
- Шет ауданы бойынша салық басқармасына бір әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында орналасқан салық төлеушілер үшін бірінғай салық ставкаларын қолдану тапсырылсын.
- Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ш. Жүніске жүктелсін.
- Осы шешім алғашқы рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы,
аудандық Мәслихаттың

хатшысы Р. Мақсұтов

Аудандық Мәслихаттың
2010 жылғы 23 желтоқсандағы
XXVIII сессиясының
N 28 / 296 шешіміне
1 қосымша

Шет ауданы бойынша ойын объектілеріне тіркелген жиынтық салықты есептеу мен төлеушілер үшін ставкаларын бекіту туралы

N	Атауы	Саны	Өлшем бірлігі	Салық ставкасы
---	-------	------	---------------	----------------

1	Бірден көп ойыншының қатысуымен ойнауға арналған ақшалай ұтыссыз ойын автоматы	1	Айлық есептік көрсеткіш	5
2	Жеке компьютер	1	Айлық есептік көрсеткіш	1
3	Бильярд үстелі	1	Айлық есептік көрсеткіш	10
4	Ақшасыз ұтыс ойын автоматы бір ойыншымен	1	Айлық есептік көрсеткіш	5
5	Ойын жолы	1	Айлық есептік көрсеткіш	50
6	Карт	1	Айлық есептік көрсеткіш	10

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК